

Г.М. ЖУМАГАЛИЕВА., Д.С. ШЫНЫБАЕВ., Б.Т. КУЛАТАЕВ., М.Б. РЫСБАЕВ

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОС ҚОЗЫЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУДЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Аннотация

Мақалада 4,5-5 айлық және 6-7 айлық қозыларға арналған тәуліктік рацион келтірілген. Біздің зерттеулердің нәтижесі бойынша 1 кг ет өндіру үшін азық шығымы – ұсақ топта 7,6 кг; орта топта 7,1 кг, ал ірі топта 7 кг болды.

Кілт сөздер: оңтүстік қазақ меринос қойы, тірі салмағы, сояр алдындағы салмағы, ұша салмағы, ұша шығымы, сойыс салмағы, сойыс шығымы.

Қазіргі қалыптасқан қиындық—жеке қолдағы қой ауыл айналасын жеп жайылымды тоздырып жойып жатыр. Келешекк көлемін 3000-5000-10000 басқа дейін үлкейтіп, алыста жатқан жайылымдарды мәдени түрде, ғылыммен техніка жетістігіне сәйкес пайдалану. Ол үшін дамыған, қой өсіріп пайдасын көріп отқан Австралия, Аргентина, жаңа Зеландия мемлекеттерінің әдісін, іс тәжірибесін елімізде ендіріп, табиғи жайылымда суландырып, жақсартып, қоршап жайылым кешендерін қалыптастырып пайдалы товарлы қой шаруашылығын дамытуға мүмкіндігіміз мол [1].

Қой тұқымдары өнімділіктері бойынша әр бағыттылығымен ерекшеленеді, бірақта барлықтары ет өндірудің негізгі қоры болып табылады. Сол тұқымдардың ет өнімділігі бойынша, әсіресе жас қозылардың ет өнімділіктері бойынша терең зерттеулер өткізілмеген [2].

Сондықтан қай салмақтағы оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының қозылары ет өндіруде тиімді және азықты кем талап ететіндігін зерттеулер өзектілігі мен тәжірибелік маңызы бар.

Біздің елімізде жайылымда семірілген қозы еті ерте кездерден—ақ қуатты, өте дәмді, майы аз, жұмсақ жұғымды адамға әуес тағам ретінде жоғары сұранысқа ие екені белгілі. Бұл мәселенің маңызы біздің еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге ұмтылу кезегінде ерекше арта түспек. Солай бола тұра, бізде көптеген шаруашылықтар көбінесе қой етін негізінен ары қарай өсіруге жарамсыз мал басынан және еркек—ісек қойларды етке өткізу арқылы өндіріледі. Көптеген тәжірибе жүзінде дәлелденгендей, қазіргі кездегі жүн бағасының өте төмен болуына байланысты, еркек—ісек қойларды мөлшерден тыс ұстау нарық экономикалық жағынан тиімсіз болып келеді [3,4].

Қой шаруашылығы дамыған мемлекеттерде негізінен қозыларды бір жасқа дейін етке сояды. Мысалы, Жаңа Зеландия мемлекеті жас қой етін өндіруде дүние жүзінде алдыңғы қатарлы орын алады, онда 4,5 айында сойылатын қозылардың еті жалпы өндірілетін қой етінің үлесінде 70% жоғары. Қозыларды туған жылы етке өткізу жоғары экономикалық тиімділікке жетуге мүмкіндік беруімен қатар қозы етінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады және ет өндірудің қазіргі нарық экономикасына сай кластерлік жүйелер арқылы шешіледі [5].

Қозы рационының құнарлылығы 1,1-1,3 кг азық өлшемінен және 120-140г қорытылатын протеиннен тұрады.

Өндірістік тәжірибелер, бастапқы салмағы 30кг қозыны 60 күн бойы осылай бордақылағанда 9-11кг, ал бастапқы салмағы 35кг қозылар 9-10 кг, ал 35 килограмнан артықтары 7-8 кг салмақ қосатынын көрсетіп отыр.

Малды жайып семіртуді немесе бордақылауды тоқтату мерзімі олардың қондылығы мен тірілей салмағына қарай белгіленеді.

Біздің тәжірибемізде қозыларды анасынан ажыратқан соң негізінен екі рацион бойынша азықтандырылды, олардың құнарлылығы төменде 1-2 кестелерде келтірілген.

4,5-5 айлық қозыларды азықтандыру рационнда азық өлшемі 0,03 кг артық, ал қорытылған протеин 2,3г протеин кем, сондай-ақ 6-7 айлық қозылардың рационнда азық өлшемі 0,02кг, қорытылған протеин 4,6 г артық. Сондықтан келтірілген рациондарда тәжірибелік топтағы қозылардың азық өлшеммен қорытылған протеиннің қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілді.

Кесте 1- 4,5-5 айлық қозыларға арналған тәуліктік рацион

№	Азық түрлері	Азық мөлшері, кг	Азық құнарлылығы					
			Азық өлшемі, кг	Қорытылған протеин, г	Са, г	Ф, г	Каротин, кг	Ас тұзы, г
1	Табиғи жайылымның астық тұқымдас шөбі	2,5	0,68	75	3,8	2,0	87,0	-
2	Соя	0,1	0,15	28,1	0,5	0,7	0,02	-
3	Сары жүгері	0,05	0,07	0,4	0,01	0,3	0,04	-
4	Бидай	0,1	0,13	14,2	0,07	0,4	0,1	-
5	Норма бойынша қажет	-	1,00	120	60	4,5	9	10
6	Рацион құнарлылығы	-	1,03	117,7	4,4	3,4	87,7	-

Зерттеу тәжірибесі бойынша, салмақтарына сәйкес бөлінген еркек қозылар, ұсақ, орта және ірі топтары, кестеде келтірілген рацион бойынша 4,5 ай және 5 айлық жасында азықтандырылды. Рацион бойынша азық өлшем мен қорытылған протеинмен қозылар толық қамтамасыз етілді [6]. Осы мезгілде тәжірибелік топтағы қозылар 2,5 кг жайылым шөбімен азықтанып қосымша 100 г- соя, 50 г-сары жүгері және 100 г-бидай дақылдары майдаланып араластырылып тәулігіне екі рет берілді.

Кесте 2- 6,0-7,0 айлық қозыларға арналған тәуліктік рацион

№	Азық түрлері	Азық мөлшері, кг	Азық құнарлылығы					
			Азық өлшемі, кг	Қорытылған протеин, г	Са, г	Ф, г	Каротин, кг	Ас тұзы, г
1	Табиғи жайылымның астық тұқымдас шөбі	3,0	0,81	90,0	4,5	2,4	105	—
2	Соя	0,10	0,15	28,1	0,5	0,7	0,02	—
3	Бидай	0,13	0,16	18,5	0,09	0,56	1,33	—
4	Норма бойынша қажет	-	1,1	132	6,6	4,9	10	12
5	Рацион құнарлылығы	-	1,12	136,6	5,1	3,7	106,3	-

Жоғарыда айтылғандай қозыны, етке туған жылы тапсырған тиімді болады, деген деректермен біздің тәжірибе топтағы қозылардың 7 айға жеткен мезгілде бақылау сойыс өткіздік, әрбір топтан үш бастан, оған дейін оларға тәулігіне жайылымда 3,0 кг табиғи жайылымда шөппен азықтанып сонымен қатар соя-100 грамнан бидай дақылы-130 грамнан майдаланып тәулігіне екі рет (танертен жайылым алдында, кешкі мезгілде жайылымнан кейін) берілді, рационның құнарлылығы қозыларды азық өлшеммен қорытылған протеинмен толық қамтамасыз етті.

Кесте 3- Азық өлшем шығыны

№	Көрсеткіштер	Қозылардың тәжірибе топтары		
		Ұсақ салмақты	Орта салмақты	Ірі салмақты
1	Туылғаннан -7 айға дейін қосылған салмақ, кг	31,99	33,99	34,36
2	Тәуліктік қосу, г	142,2	151,1	152,7
3	Әр кг қосылған салмаққа жұмсалған азық өлшемі, кг	7,6	7,1	7,0

Барлық тәжірибе топтар бойынша қозылар туылғаннан-7 айға дейін 31кг артық салмақ қосқан, сонымен қатар тәуліктік қосу ұсақ салмақтылар-142,2 г, орта салмақтылар-151,1 г, ал ірі салмақтылар-152,7 г болды, яғни орта және ірі салмақты қозылардың тәуліктік қосуы 6,2-7,4% артық болды, соның нәтижесінде 1 килограмм салмақ қосуға жұмсалған азық өлшемі-ұсақ салмақтыларда-7,6, орта салмақтыларда-7,1, ірі салмақтыларда-7,0 кг болды. Қорыта келгенде ұсақ салмақты 27,6 кг қозыларды, анасынан айыру мезгілінде бірден етке өткізу қажет, себебі олар орта және ірі салмақты қозылармен бірдей азықтандырылғанмен, жалпы салмақтары төмен болады және берілген азықтар өтелмейді.

Кесте 4-Туылғаннан-7 айға дейінгі қозылардың салмақ қосуы

№	Қозылардың ірі салмағы бойынша бөлінген топтар											
	Ұсақ салмақты			Орта салмақты			Ірі салмақты					
	п	Абсолюттік қосу, кг	Тәуліктік қосу, г	Өсу коэффициенті, %	п	Абсолюттік қосу, кг	Тәуліктік қосу, г	Өсу коэффициенті	п	Абсолюттік қосу, кг	Тәуліктік қосу, г	Өсу коэффициенті
Туылғаннан 4,5 айға дейін												
1	30	4,1	178,5	7,9	30	720,2	193,4	7,2	30	654,6	204,6	6,5
4,5 айдан 7 айға дейін												
2	28	89	87,7	1,3	28	125,9	87,5	1,3	28	120,6	74,9	1,2
Туылғаннан 7 айға дейін												
3	28	32,1	142,7	10,1	28	907,4	151,1	9,1	28	789,9	152,7	7,9

Тәжірибе топтағы қозылардың өсіп дамуын абсолюттік салмақ қосуымен, салыстырмалы және тәуліктік қосу көрсеткіштерімен қатар өсу коэффициенттерімен сипаттауға болады, осының нәтижесінде қозылардың туылғаннан 4,5 айға дейінгі ұсақ топтағы қозылардың салыстырмалы қосу мен өсу коэффициенті орта және ірі топтағы қозылармен салыстырғанда 9,2-21,5 % артық болды, ал тәуліктік қосу бойынша керісінше ірі топтағы қозылардың көрсеткіштері, орта топтан-5,8 %, ұсақ топтан-14,6 % жоғары болды, сонымен қатар туылғаннан-7ай мезгіліне дейін ірі топтағы қозылардың тәуліктік қосуы орта топтан-1,1 %, ұсақ топтан-7,0 % жоғары көрсеткіште болды.

Кесте 5-Қозы етін өндірудің экономикалық тиімділігі

№	Топ	Жұмсалған азық шығынының құны, тг	1кг ет құнының айырмашылығы (1 кг=1500 тг)	Ұша салмағы, кг	Сатылым құны, тг	Пайда, + зияны-	%, пайыз
1	Ұсақ	570	930	17,7	16461	—	0
2	Орта	532	968	19,1	18488	+2027	12,3
3	Ірі	525	975	19,9	19402	+2941	17,9

Жоғарыда көрсетілген кестедегі мәліметтер бойынша әр топқа жұмсалған азықтың құны көрсетілген, сонымен қатар 1 кг қозы етінің құндылығының жұмсалған азықтың айырмашылығы мен әрбір қозыдан сатылым құны арқылы пайда–зияндылығы келтірілген. Біздің зерттеулердің нәтижесінде ұсақ топпен салыстырғанда орта топтағы қозылардың ет өндіруі 2027 тг артық болды, яғни 12,3%, ал ірі топтағы 2941 тг, яғни 17,9% артық болды, мұның нәтижесі ұсақ топтағы қозылардың ет өндіруге тиімсіздігін білдіреді.

Қорытынды Біздің зерттеулердің нәтижесі бойынша 1 кг ет өндіру үшін азық шығымы – ұсақ топта 7,6 кг; орта топта 7,1 кг, ал ірі топта 7 кг болды. Тәжірибе топтағы қозылар жоғарыда көрсетілген тәуліктік рацион бойынша азықтандырылды, азықтандырудың нәтижесінде әрбір азық өлшемінің құны 75 тг болды, сонымен қатар 1 кг қозы етінің құндылығының жұмсалған азықтың айырмашылығы мен әрбір қозыдан сатылым құны арқылы пайда–зияндылығы келтірілген. Біздің зерттеулердің нәтижесінде ұсақ топпен салыстырғанда орта топтағы қозылардың ет өндіруі 2027 тг артық болды, яғни 12,3%, ал ірі топтағы 2941 тг, яғни 17,9% артық болды, мұның нәтижесі ұсақ топтағы қозылардың ет өндіруге тиімсіздігін білдіреді.

Оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының төмен салмақты (27 кг) еркек қозыларын табында қалдырмаған жөн, себебі оларды ет өндіруге пайдалануға тиімсіз, бәсекеге қабілеттілігі төмен, сондықтан төмен салмақты еркек қозыларды бірден сату, не болмаса табыннан шығару қажет.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Сабденов Қ., Омбаев Ә.М., Шауенов С., Исламов., Құлатаев Б. Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру. Шымкент «Жебе» баспа үйі, 2010 ж.-84 б
- 2 Литовченком Г. Р. Овцеводство 1,2 том стр. 604, 556
- 3 Шыныбаев Д.С. Производства мяса ягнят овец южноказахского мериноса, Материалы. Международная научно-практическая конференция «Ветеринария и животноводство: теория, практика и инновации» посвященная 80-летию академика К. Сабденова, стр 73
- 4 Жузбаева А.К. Живая масса под опытного комолого молдняка южноказахского мериноса, Материалы. Международная научно-практическая конференция «Ветеринария и животноводство: теория, практика и инновации» посвященная 80-летию академика К. Сабде ова, стр 33-35
- 5 Шотаев А. Н. Ахатов Ж. С., Мейірбекова П. У. Профессор М. Ермаковтың 100 жылдығына арналған ветеринария және мал шаруашылығы мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 195-бет
- 6 Омарқожаев Н. Мал азықтандыру: Оқулық–Алматы: Қайнар, 1998ж. 152-158 бет.

Г.М. Жумагалиева., Д.С. Шыныбаев., Б.Т. Құлатаев., М.Б. Рысбаев

Казахский Национальный Аграрный Университет, г.Алматы

ВЛИЯНИЕ КОРМ НА КАЧЕСТВА МЯСА ЯГНЯТ ЮЖНОКАЗАХСКОГО МЕРИНОСА

Резюме

В статье показаны суточный рацион 4,5-5 месяцев и 6-7 месяцев ягнят. По нашим исследованиям, чтобы получить 1 кг мяса затраты корма составляет младшей группе 7,6 кг, в средней 7,1 кг, а в старшей 7 кг.

Ключевые слова: южноказахский меринос, живая масса, предубойная живая масса, масса туши, выход туши, убойная масса, убойный выход.

Zhumagaliyeva G.M., Shynybayev D.S., Kulataev B.T., Rysbaev M.B.
EFFECT OF FOOD FOR QUALITY MEAT LAMBS SOUTH KAZAKH MERINO

Summary